

**Диссертациялық кеңестің 2020 жылғы жұмысы туралы есеп
Қарағанды техникалық университетінің жанындағы 6D071200 «Машина жасау»,
6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандықтары бойынша
диссертациялық кеңес**

Диссертациялық кеңестің төрағасы т.ғ.д., профессор Әділ Суратұлы Қадыров Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2019 жылғы 04 наурыздағы № 207 бұйрығымен бекітілген. Диссертациялық кеңеске «6D071200 – Машина жасау», «6D071300 – Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандықтары бойынша диссертация қорғауға қабылдауға рұқсат етілді.

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны

«Машина жасау», «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» диссертациялық кеңесі өз жұмысы барысында қорғауға жіберу және рецензенттерді тағайындау туралы шешіммен қорғау күніне дейін кемінде бір ай бұрын алдағы қорғау туралы хабарлау қажеттілігі туралы талапты ескере отырып, 2 (екі) отырыс өткізді.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Аты-жөні:	Оқу мекемесі
1	Айнабекова Сауле Серикбаевна (қорғау күні 25.12.2020 ж.)	Қарағанды техникалық университеті (ҚарТУ, Қарағанды қ.)
2	Тусупова Саягуль Ораловна (қорғау күні 25.12.2020 г.)	Қарағанды техникалық университеті (ҚарТУ, Қарағанды қ.)

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

4.1.1. Докторант Айнабекова С.С. жұмыстар тақырыптарына талдау:

Докторант Айнабекова С.С. диссертациялық жұмысы «Беттік қабаттың физика-механикалық қасиеттерін зерттеу негізінде қиын өңделетін материалдарды термофрикциялық өңдеу кезінде кесу режимдерін оңтайландыру» тақырыбында орындалған.

Шетелдік ғылыми консультант, техника ғылымдарының докторы, Гагарина Ю. А. Атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университетінің «Машина жасаудағы технология және басқару жүйесі» кафедрасының профессоры Насад Татьяна Геннадиевнамен бірлескен зерттеулер жүргізілді.

«Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған диссертациялар тақырыбының ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерін орындауға бағытталған және «Қатты қорытпалы аспаптық материалды конструкциялық болаттарға ауыстыруға мүмкіндік беретін импульсті суытумен өңделуі қиын материалдарды термофрикциялық өңдеу технологиясын әзірлеу» ТЖМЖС кафедрасының бастамашыл тақырыбы аясында орындалған. Сонымен қатар диссертацияның негізгі нәтижелері «Инкар-І» ЖШС өндірісіне енгізілді және «Қарағанды индустриялық университеті» КЕАҚ «Машина жасау» және «МҚӨТ» мамандығы бойынша бакалаврлар мен магистранттарды даярлауда оқу процесіне енгізілді.

Қарастырылған жұмыстардың ғылыми нәтижелерін пайдалану деңгейін, нақты жұмыстардың нәтижелерін кеңейтілген енгізу бойынша ұсыныстарды талдау.

Диссертацияның негізгі ережелері Қарағанды техникалық университетінің «Технологиялық жабдықтар, машина жасау және стандарттау», Қарағанды индустриялық университетінің «Металдарды қысыммен өңдеу», «Ю.А. Гагарин атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университеті» ЖБ ФМБО Энгельс технологиялық институтының «Материалдарды өңдеу жабдықтары мен технологиялары» кафедраларының отырыстарында және ғылыми-техникалық кеңестерінде ғылыми-техникалық семинарында Навои мемлекеттік тау-кен институтының Энергия-механикалық факультетінің кеңейтілген ғылыми-техникалық семинарында, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі конференцияларда және «Интехком» ЖШС, «Инкар-І» ЖШС машина жасау кәсіпорындарының жұмыс кеңестерінде талқыланды.

Докторлық диссертация нәтижелері бойынша орысша, қазақ және ағылшын тілдерінде 16 жұмыс жарияланды, оның ішінде: web of Science базасының деректері бойынша немесе Scopus базасына кіретін Халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала, РФДИ дерекқорына кіретін журналдарда 1 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда 6 мақала. Ұсынылған жұмыстың баяндамалары 5 халықаралық конференцияларда, оның ішінде 3 шетелдік конференцияларда қаралды. Пайдалы модельге ҚР 2 патенті және авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 1 куәлік алынды.

4.1.2 Докторант Тусупова С.О. жұмыстар тақырыптарына талдау:

Докторант Тусупова С.О. диссертациялық жұмысы «Термофрикциялық кесуші құралдардың тозуға төзімділігін, қатандығын және беріктігін қамтамасыз ету тәсілін зерттеу және жарату» тақырыбына ойындалған.

Шетелдік ғылыми консультант, техника ғылымдарының докторы, Гагарин Ю. А. атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университетінің «Машина жасаудағы технология және басқару жүйесі» кафедрасының профессоры Насад Татьяна Геннадьевнамен бірлескен зерттеулер жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты термофрикциялық құралдардың тозуға төзімділігін, қатандығы мен беріктігін арттыру болып табылады.

Практикалық маңыздылығы - тозуға төзімді балқымалармен қапталған термофрикциялық құралдардың, яғни ротациялық-фрикциялық кескіш, үйкеліс фрезасы, дискілі ара және конустық үйкеліс фрезаларының құрылымдары жаратылды; - STOODY M7-G, STOODY 102-G және OK TUBRODUR 58 O/G M материалдарымен балқымаланған термофрикциялық құралдардың тозуға төзімділігі, қатандығы мен беріктігі дәстүрлі термофрикциялық құралдармен салыстырғанда $1,5 \div 2$ есе артатынын көрсетті; - тозуға төзімді балқымалармен қапталған термофрикциялық құралдармен өңдеу кезінде жылулық күйін, қатандығын және беріктігін анықтаудың әдістемелері жаратылды; - әр түрлі материалдардан жасалған термофрикциялық құралдарды балқымалау бойынша өндіріске енгізу үшін ұсыныстар дайындалды.

«Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған диссертациялар тақырыбының ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

ҚР Машина жасауды дамыту жөніндегі 2019-2024 жылдарға арналған жол картасын (кешенді жоспар) жүзеге асыру аясында орындалды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «MEGA GROUPKZ» ЖШС өндірісіне, сондай-ақ машинажасау мамандығы бойынша бакалаврларды, магистрларды дайындауда Торайғыров университетінің оқу үрдісіне енгізілді

Қарастырылған жұмыстардың ғылыми нәтижелерін пайдалану деңгейін, нақты жұмыстардың нәтижелерін кеңейтілген енгізу бойынша ұсыныстарды талдау.

Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері баяндалды және талқыланды:

- халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы Сағынов оқулары (Қарағанды қ., 2018-2020жж.);

- жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-техникалық конференциясы «Өнеркәсіптегі жаңа материалдар, жабдықтар және технологиялар» (Могилев қ., Белорус, 2018ж.);

- халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы «Машинажасау және құю өндірістеріндегі заманауи технологиялар» (Чебоксары қ., Ресей, 2018ж.);

- «Технологиялық жабдықтар, машинажасау және стандарттау» кафедрасының ғылыми семинарларында (2017-2020жж.);

- ҚарТУ-дың 6D071200 «Машинажасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиясы» мамандықтары бойынша докторлық диссертацияларды қорғау бойынша Диссертациялық Кеңестің ғылыми семинарларында (2018-2020жж.)

- Ю.А. Гагарин атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университетінің «Машина жасау технологиясы» кафедрасының және оның филиалы Энгельс технологиялық институтының «Материалдарды өңдеу жабдықтары мен технологиялары» кафедрасының ғылыми семинарларында (Энгельс қ., Ресей, 2018ж.);

- Науайы мемлекеттік тау-кен институтының Энерго-механикалық факультетінің кеңейтілген ғылыми-техникалық семинарында (Науайы қ., Өзбекістан, 2019ж.);

- Самарқан мемлекеттік сәулет-құрылыс институтының «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру» кафедрасының ғылыми семинарында (Самарқан қ., Өзбекістан, 2019ж.);

- «ИНТЕХКОМ» ЖШҰ-ның техникалық кеңесінде (Саратов қ., Ресей, 2018ж.).

Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері 17 басылымда жарияланды, оның ішінде 3 - SCOPUS баспалар тізімі журналында, 5 – ҚР БҒМ БҒСБК-де ұсынылған басылымдарда, 1 – шетелдік ғылыми басылымдарында, 5 – халықаралық конференциялар материалдарында, соның ішінде 2 - шетелдік халықаралық конференцияларда, 2 – өнертабысқа және пайдалы моделге ҚР патенттері, 1 – зияткерлік меншік объектісіне авторлық құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін докторанттардың диссертациялық жұмыстарының рецензенттері болып диссертациялық кеңес туралы типтік ереженің талаптарына сәйкес тұлғалар тағайындалды. Тағайындалған рецензенттер туралы мәліметтер төменде келтірілген:

№	Докторант	Рецензенттер	
1	Айнабекова Сауле Серикбаевна	Овчаров Михаил Степанович – техника ғылымдарының кандидаты, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Көлік және логистикалық жүйелер» кафедрасының профессоры	Сембаев Нурболат Сакенович – техника ғылымдарының кандидаты, Торайғыров университетінің «Көлік техникасы және логистика» кафедрасының меңгерушісі, доцент.
2	Тусупова Саягуль Ораловна	Усупов Сабий Сейтказиевич – техника ғылымдарының докторы, профессор, Алматы технологиялық университетінің «Өндірістік процестерді автоматтандыру және механизациялау» кафедрасының меңгерушісі	Ногаев Кайрош Абилович – техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Қарағанды индустриалдық университетінің «Технологиялық жабдықтар және көлік» кафедрасының меңгерушісі

Рецензенттер Овчаров М.С., Сембаев Н.С., Усупов С.С., Ногаев К.А. өздерінің жоғары кәсібиліктерін көрсетті.

Рецензенттердің жұмысына ескертулер жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. PhD диссертацияларды қорғау уақыты докторантурада оқу мерзіміне байланысты болмау

керек.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

	6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандықтары
1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	2
2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» диссертациялық кеңестің төрағасы

6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы



Кадыров А.С.

Жунусбекова Ж.Ж.

«Машина жасау», «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»
мамамдықтары бойынша диссертациялық кеңесінде қорғау бойынша

САНДЫҚ АҚПАРАТ

№	Диссертациялық кеңес, мамандық	Барлық қорғау	Соның ішінде грант бойынша	Соның ішінде 2020 ж. түлек	Ағылшын тілінде қорғау	Қазақ тілінде қорғау	Шет ел азаматтарының қорғауы
1	6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»	-	-	-	-	-	-
2	6D071200 «Машина жасау»	2	2	2	-	1	-

6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» диссертациялық кеңестің төрағасы
А.С.

6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы
Ж.Ж.



Кадыров

Жунусбекова